www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube facebook Telegram
№06 /sársenbi/ 11 aqpan 2026 jyl

## ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Аптаның екінші күнінде Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Отырыс барысында Премьер-министр Олжас Бектенов Президентке ел экономикасын нығайту жөніндегі тапсырмалардың жүзеге асырылу барысы туралы баяндады.

Одан соң Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қорытынды сөз сөйледі.




«Қоғамда кеше ғана емес, жарты жылдан бері Конституцияға қатысты жан-жақты пікір алмасу жүріп жатыр. Барлық ұсынысты жүйелеп, саралау үшін 130 адамнан тұратын Конституциялық комиссия құрылды. Бұл – ауқымы жағынан да, кәсіби деңгейі тұрғысынан алып қарасақ та, еліміз үшін теңдесі жоқ комиссия. Осы жолы Комиссия құрамында шетел мамандары жоқ» деп бастаған Президент елімізге қажетті бірқатар маңызды мәселелерге тоқталды:

Комиссия өтініштің бәрін мұқият қарап, қорытып, тиісті түзетулерді әзірледі. Конституциялық комиссияның жұмысы барынша ашық жүргізілді. Мұны айтып өту маңызды. Себебі еліміздегі реформалар бұрын-соңды ешқашан дәл осылай жан-жақты талқыланып, тікелей эфир арқылы жұртшылықтың назарына ұсынылмаған.

***

Қазірдің өзінде бір нәрсені күмәнсіз айтуға болады: жұртшылық назарына мүлде жаңа құжат ұсынылып отыр. Бұл құжат мемлекетіміз дамудың даңғыл жолына түскенін, яғни сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетеді.

Жаңа Конституция жобасында «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидаты айқындала түсті. Біз 2019 жылдан бері дәйекті түрде осы жолмен жүріп келеміз.

***

Меніңше, бұл – жаңа Конституцияның сипатына толық сай келетін әлеуметтік норма. Конституциялық комиссия мүшелерінен осы ұсынысты қарауды сұраймын.

***

Тұтастай алғанда, Негізгі Заң жобасында Қазақстанның қарқынды дамуына, ұлтымыздың ұйысуына қажетті іргелі қағидаттар мен құндылықтар толық қамтылған.

Жаңа Конституция жобасын шын мәнінде озық, яғни түбегейлі жаңарған, әрбір тұсы сарапталған, сапалы жазылған мәтін деп атауға толық негіз бар. Онда конституциялық құрылысқа қатысты әлемдегі үздік тәжірибелер көрініс тапқан, адам құқықтары және ұлттық мүддеміз толық қорғалған.

***

Жаңа Конституция Қазақстанды тың қарқынмен өркендетуге, әр азаматтың әлеуетін арттыруға жол ашады деп сенемін. Қалай десек те, Ата Заңымызға қатысты түпкілікті шешім жалпыұлттық референдумда қабылданады.

***

Бұрынғы тәсілдер қазір тиімсіз болып қалғанын көріп отырмыз. Озық мемлекеттер әлем экономикасын дамытудың жаңа үлгісін әзірлеуге кірісіп кетті. Біз де бұл үдерістен шет қалмауымыз керек.

***

Ұлт мүддесін қорғау үшін экономиканы нығайтуға және дамытуға арналған нақты жоспар болуға тиіс. Дүние жүзіндегі экономикалық ахуалға қарамастан, былтыр экономикамыз 6,5 пайызға өсті.

***

Біздің миссиямыз – айқын: экономикалық өсім жоғары сапаға ие болуы керек, яғни, ең алдымен, халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмысын жақсартуға тиіс.

***

Үкіметтің таяу арадағы міндеті – өнімділікті арттыру, технологиялық жаңару және адами капиталды дамыту есебінен өсімді қамтамасыз ету, табысты ел игілігіне жұмсау.

Мұндай моделді тек инвестиция саясатын жандандыру, бизнестің мүддесін тұрақты қорғау арқылы құруға болады. Яғни бұл саясаттың түпкі нәтижесі халық табысын арттыру, экономикалық дербестікті нығайту болуға тиіс.

**Жалғасы 2-ші бетте**

## DIGITAL QAZAQSTAN ФОРУМЫ АЛҒАШ РЕТ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДА ӨТЕДІ




Digital Qazaqstan 2026: Шымкент – ұлттық цифрлық трансформацияның жаңа орталығы 2026 жылы еліміздегі ең ірі технологиялық алаң – Digital Almaty форумы жаңа стратегиялық деңгейге көтеріліп, Digital Qazaqstan атауымен Қазақстанның басты ұлттық технологиялық форумы ретінде қайта форматталды. Бұл бастама елдің барлық өңірін бір экожүйеге біріктіріп, цифрлық трансформация саласындағы мемлекеттік саясатты, бизнес пен технологиялық қауымдастықты тоғыстыратын негізгі платформаға айналуды көздейді.

Digital Qazaqstan форумы алғаш рет 2026 жылғы 27 наурызда Шымкент қаласында өтеді. Бұл – еліміздің ірі индустриялық, логистикалық және экономикалық орталықтарының бірі саналатын мегаполис үшін маңызды тарихи оқиға. Форумның дәл Шымкентте ұйымдастырылуы оңтүстік өңірдің өндірістік әлеуетін цифрлық технологиялармен ұштастыруға, нақты секторды жаңғыртуға және аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттыруға серпін береді.

2026 жылдан бастап Digital Qazaqstan форумы жыл сайын Қазақстанның әртүрлі қалаларында өткізіліп, өңірлік дамуды қолдайтын ұлттық технологиялық экожүйені қалыптастыруға бағытталады. Ал Шымкенттен бастау алуы – өңірлердің цифрлық күн тәртібін орталықтандырумен қатар, жергілікті экономиканы жаңа технологиялар арқылы дамытуға нақты мүмкіндік береді.

Форумның Шымкентте өтуі өнеркәсіпті цифрландыру, жасанды интеллектіні өндірістік процестерге енгізу, ақылды зауыттар мен деректерге негізделген басқару модельдерін дамыту мәселелерін терең талқылауға жол ашады. Сонымен қатар, бұл алаң өңірлік кәсіпорындар мен ұлттық және халықаралық технологиялық компаниялар арасындағы тікелей әріптестікті күшейтеді.

Digital Qazaqstan 2026 форумының негізгі тақырыбы – Industry 5.0. Бұл тұжырымдама адам мен технологияның үйлесімді өзара әрекетіне негізделген жаңа индустриялық кезеңді білдіреді. Жасанды интеллект, үлкен деректер, робототехника және автоматтандыру шешімдері адам еңбегін алмастыру емес, керісінше оның әлеуетін арттыруға, қауіпсіз әрі тиімді өндіріс құруға бағытталады. Бұл бағыт Шымкенттің еңбек ресурсы мол, өндірістік әлеуеті жоғары қала ретіндегі ерекшелігімен толық үндеседі.

Форум аясында мемлекеттік органдар, ірі бизнес өкілдері, халықаралық корпорациялар, инвесторлар, технологиялық компаниялар, стартаптар мен сарапшылар қауымдастығы экономиканың негізгі салаларына цифрлық және AI-шешімдерді енгізудің нақты практикалық тетіктерін талқылайды. Бұл Шымкенттегі кәсіпорындар үшін жаңа технологияларды тікелей меңгеруге және пилоттық жобаларды іске қосуға мүмкіндік береді.

Іскерлік бағдарлама шеңберінде пленарлық отырыстар, салалық панельдік сессиялар, дөңгелек үстелдер, IT-компаниялар мен стартаптардың көрмесі, технологиялық байқаулар, хакатондар ұйымдастырылады. Сонымен қатар, цифрлық және технологиялық трансформация саласындағы үздік ұлттық және өңірлік тәжірибелерді атап өтетін Digital Qazaqstan Awards салтанатты марапаттау рәсімі өтеді.

Digital Qazaqstan 2026 форумының Шымкентте өтуі қаланың технологиялық имиджін күшейтіп, IT-мамандар мен жас кәсіпкерлерді тартуға, инновациялық жобалардың көбеюіне және өңірдің цифрлық дамуына ұзақ мерзімді әсер етеді. Бұл шара Шымкентті тек индустриялық орталық қана емес, жаңа технологиялар мен инновациялар қаласы ретінде қалыптастыруға маңызды қадам болады деп күтілуде.

**Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**

## 2026 ЖЫЛЫ 850-ДЕН АСТАМ ЗАПАСТАҒЫ ОФИЦЕР ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРЫЛАДЫ

**Биыл еліміз бойынша 850-ден астам запастағы офицерді әскери қызметке шақыру жоспарланып отыр. Бұл туралы Қорғаныс министрлігінің ресми сайтында жарияланды.**



«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚР Заңы аясында жүзеге асырылатын бұл шара Қарулы күштердің жауынгерлік дайындығын арттыруға және әскери дайындалған резервті қалыптастыруға бағытталған.

Үкімет қаулысына сәйкес, 700 запастағы офицер Қарулы күштерге, 80 офицер Шекара қызметіне, 64 офицер Ұлттық ұланға және 15 офицер Төтенше жағдайлар министрлігіне жіберіледі.

Шақыру авиациялық, инженерлік, артиллериялық, радио-техникалық, әскери-тасымалдау, медициналық, тылдық, ақпараттық және барлау бағыттары секілді ең қажетті әскери есептік мамандықтар бойынша жүргізіледі.

Денсаулығы жарамды, қажетті әскери есептік мамандығы бар 29 жасқа дейінгі запастағы офицерлер шақырылуға жатады, ал медициналық мамандықтар бойынша бұл шек 32 жасқа дейін белгіленген.

Шақырылған офицерлердің әлеуметтік қамтамасыз етілуі келісімшарт бойынша әскери қызметшілер деңгейінде жүзеге асырылады. Қызмет атқару кезінде олар ақшалай үлеспен, тұрғын үй немесе тұрғын үй төлемдерімен, тамақпен және медициналық қызметпен қамтамасыз етіледі.

Офицерлер әдетте қызметті әскери есепке тұрған немесе тұрған жері бойынша өтейді. Әскери қызметке қызығушылық танытқан және тұрақты жұмысы жоқ үміткерлерге басымдық беріледі.

Хабарлама алған запастағы офицер дер кезінде жергілікті әскери басқару органына жеке куәлігі мен әскери билетін (бар болса) алып келуі тиіс. Шақырылудан кейінге қалдыру отбасы жағдайлары, білім алу немесе денсаулық жағдайына байланысты шақырылу комиссиясының шешімімен берілуі мүмкін.

Запастағы офицерлерді шақыру жоспарлы түрде жүргізіледі және қолданыстағы заңнама шеңберінде жүзеге асырылады.

**«Айғақ»-ақпарат.**

# ҚАЗАҚСТАНДА ЖИ МЕН ДРОНДАР ЭНЕРГИЯ НЫСАНДАРЫН ТЕКСЕРУ УАҚЫТЫН ҚЫСҚАРТУДА

ҚР Энергетика министрлігі энергетика саласына жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды енгізу жұмыстарын кеңейтуде. Байланыссыз диагностика бойынша пилоттық жоба сәтті іске асырылды. Жоба шеңберінде дрондар мен жасанды интеллектіні қолдану арқылы электр беру желілерін ажыратпай-ақ бірнеше сағат ішінде 200-ден астам ЭБЖ тексерілді, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.



Инновациялық шешімдерді жүйелі енгізу мақсатында Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетімен және Ұлттық экономика министрлігімен сүйемелдеу және электр энергетикасындағы практикалық кейстерді тираждау мәселелері бойынша кездесулер өткізілді.

Сонымен қатар жасанды интеллектке негізделген дефектоскопия технологиясы жетілдірілуде. Атап айтқанда, 110 кВ электр беру желілері үшін ақауларды жіктеу жүйелері әзірленіп, ультракүлгін камералар, лидарлар және жылу камераларын қолдану арқылы 35 кВ әуе желілеріне мониторинг кеңейтіледі.

Бұл жасырын ақауларды, қызып кетулерді, короналық разрядтарды және конструкциялық деформацияларды аса жоғары дәлдікпен анықтауға мүмкіндік беріп, электрмен жабдықтау сенімділігін едәуір арттырады. Электр беру желілерінің дефектоскопия жүйесі Отын-энергетика кешенін цифрлық трансформациялау картасына сәйкес EnergyTech ақпараттық жүйесі шеңберінде іске асырылады.

Цифрлық сервис бейне, фото, жылу камерасы және LiDAR деректерін талдау негізінде электр беру желілеріндегі ақауларды автоматты түрде анықтауға, анықталған ақауларды нақты техникалық орындарға байланыстыра отырып, нысандарды цифрлық паспортизациялауға, үйретілетін нейрондық желілерді пайдалану арқылы техникалық жағдайды талдауға (тану дәлдігі — 98%-ға дейін), жасанды интеллект модельдерін қайта үйретуге арналған эталондық деректер жинақтары бар визуалды ақпараттың салалық деректер орталығын қалыптастыруға, ақауларды техникалық қызмет көрсету және жөндеу (ТҚКЖ) жүйелеріне автоматты түрде бағыттау тетіктерін іске қосуға мүмкіндік береді.

Аталған жүйе электр энергиясын беру және тарату желілерінде проактивті диагностика жүргізуге, цифрлық техникалық қадағалауды қамтамасыз етуге және апаттылық деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

# МЕДИЦИНАЛЫҚ КІТАПШАЛАР ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТҚА КӨШІРІЛЕДІ

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі e-SEN платформасында «Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау» сервистік бағдарламалық өнімін (СЭҚ СБӨ) іске қосу шеңберінде қызметкерлердің жеке медициналық кітапшаларын бақылауды цифрлық форматқа ауыстырды. Жүйе автоматты режимде персоналдың жеке медициналық кітапшаларының қолданылу мерзімін қадағалайды және жұмыс берушілерге жұмысқа рұқсаттың аяқталғаны туралы хабарлайды. Бұл қызметкерлерді қолданыстағы медициналық тексерулерсіз жедел шеттетуге мүмкіндік береді және сырттан тексерусіз инфекциялық аурулардың таралу қаупін азайтады, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.




Жеке медициналық кітапшаларды бақылау – еліміздің барлық өңірлерінде енгізілген санитариялық-эпидемиологиялық қадағалаудың бірыңғай цифрлық жүйесінің бөлігі. Платформа санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен бизнесті бірыңғай цифрлық контурда біріктіреді.

Жүйеде 178 146 бақылаудағы объектілер мен 95 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектілерді қамтитын бірыңғай тізілім қалыптастырылды. 104 мыңнан астам пайдаланушы тіркелген.

Платформа арқылы объектілерге бармай профилактикалық бақылау жүзеге асырылады. 2025 жылы кәсіпкерлермен өндірістік бақылау туралы 10 194 есеп жүктелді, талдау қорытындысы бойынша бұзушылықтарды жою бойынша 731 ұсыным берілді.

СЭҚ СБӨ мемлекеттік ақпараттық жүйелермен, соның ішінде заңды және жеке тұлғалардың мәліметтер базасымен, рұқсат беру құжаттарының жүйелерімен, тексерулерді есепке алу және әкімшілік практикамен біріктірілген. Ақпарат алмасу нақты уақыт режимінде жүзеге асырылады, қағаз құжат айналымы алынып тасталады.

Талдамалық дашбордтар есеп берудің уақтылығы бойынша өңірлердің рейтингтерін қалыптастыруға, рұқсат беру құжаттарынсыз объектілерді анықтауға және тексерулерді жоспарлау үшін қауіп топтарын автоматты түрде анықтауға мүмкіндік береді.

2026-2027 жылдары тексеру нәтижелерін, анықталған бұзушылықтарды және қабылданған шараларды қоса алғанда, санитариялық-эпидемиологиялық жай-күйінің толық тарихы бар бірыңғай бейінді объектінің цифрлық паспортын енгізу жоспарлануда.

Азаматтар үшін қоғамдық тамақтану, білім беру және қызмет көрсету салаларындағы объектілердің санитариялық саламаттылығының жария рейтингі қалыптастырылады. Бизнес үшін өзін-өзі бақылау құралдарымен және барлық хабарламаларды, актілер мен нұсқамаларды электрондық түрде алумен жеке кабинеттерді кеңейту көзделген.

Тексеру кестелерін қалыптастыру субъективті факторды болдырмайтын және қадағалау қызметінің ашықтығын арттыратын қауіптерді бағалау негізінде автоматты түрде жүзеге асырылады.

Жоба бұзушылықтардың алдын алуға және санитариялық-эпидемиологиялық қауіптердің алдын алуға бағытталған.

# ОҚУШЫЛАРҒА КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРЕТІН ЖИ АГЕНТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінде «AI-кәсіптік бағдарлаушы» жасанды интеллект агенті таныстырылды. Аталған инновациялық цифрлық шешім мектеп оқушыларына болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға көмектесуге бағытталған. Әзірлеме жасанды интеллект негізінде құрылған заманауи кәсіптік бағдар беру құралдарының бірі және бірнеше дәлелденген әдістемені біртұтас жүйеге біріктіреді.

Жоба AI-Sana ұлттық бағдарламасы аясында ҚӨУ цифрлық технологиялар және жасанды интеллект бөлімі мамандарының инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау орталығымен бірлескен жұмысы нәтижесінде жүзеге асырылды. Бұл бастама университеттің білім беру үдерісіне заманауи цифрлық шешімдерді енгізуге бағытталған стратегиялық бағытын көрсетеді.

Жобаны пилоттық енгізу С.Мәуленов атындағы гимназиясынан басталды. Аталған білім ордасының жоғары сынып оқушылары жасанды интеллект көмегімен кәсіптік бағдарлау тестілеуінен алғашқылардың бірі болып өтті.

ҚӨУ цифрлық технологиялар және жасанды интеллект бөлімінің басшысы Қалыбек Мауленов жобаның идеясы мектеп оқушыларының нақты қажеттіліктерінен туындағанын атап өтті:

– Тәжірибе көрсеткендей, 25 оқушының тек 5-6-сы ғана болашақ мамандығын нақты айқындаған. Қалғандары ізденіс үстінде. Осыған байланысты біз жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушыларға мамандық таңдау үдерісіне саналы түрде қарауға көмектесуді мақсат еттік, – деді ол.

Жүйе бұрын жеке қолданылып келген бес психологиялық және кәсіптік бағдарлау әдістемесіне негізделген. Барлық әдістемелер цифрлық форматқа бейімделіп, біртұтас зияткерлік талдау моделіне біріктірілген. Жобаның негізгі артықшылықтарының бірі – нәтижені жедел ұсыну мүмкіндігі. 500-ден астам интерпретация нұсқасын қамтитын кіріктірілген деректер базасының арқасында жасанды интеллект қысқа уақыт ішінде қорытынды қалыптастырады.

Қосымша әдістемелер пайдаланушының мықты жақтарын, қабілеттерін және әлеуетті даму бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде оқушы тек ұсынылатын мамандықтар тізімін ғана емес, жеке ерекшеліктерін қамтитын кеңейтілген кәсіптік бағдарлау портретін алады.

ҚӨУ академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Эльмира Наурызбаева жобаның басты мақсаты – тұтас әрі түсінікті кәсіптік бағдарлау жүйесін қалыптастыру екенін атап өтті:

– Сапалы әдістемелер жеткілікті болғанымен, олар көбіне жеке-жеке және ақылы негізде қолданылады. Біз оларды бір цифрлық платформада біріктіріп, жасанды интеллект көмегімен кешенді кәсіптік бағдарлауды қолжетімді еттік, – деді проректор.

Бұл ретте жасанды интеллект психолог немесе мұғалімнің орнын алмастырмайды, керісінше олардың жұмысын толықтырып, уақытты үнемдеуге және объективті талданған ақпарат ұсынуға мүмкіндік береді.

Пилоттық жобаға қатысқан мектеп оқушылары жаңа құралдың практикалық тиімділігін жоғары бағалады. ЖИ-агент Telegram платформасында қазақ және орыс тілдерінде тегін қолжетімді: @UniCareerKzBot, @UniCareerBot.

# ЭЛЕКТРОСАМОКАТТАР КӨЛІК ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ТАНЫЛАДЫ

**Алматы қаласында электросамокаттарды пайдалануды реттеу және жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру мәселелеріне арналған жұмыс кеңесі өтті.**

**Іс-шараға полиция департаментінің, прокуратураның, қала әкімдігінің басшылығы, сондай-ақ кикшеринг қызметін көрсететін компаниялардың өкілдері қатысты.**

**Кеңес барысында электросамокаттарды ресми түрде көлік құралы ретінде тануға бағытталған заңнамалық өзгерістер жан-жақты талқыланды. Атап айтқанда 1 шілдеден бастап күшіне енетін жаңа нормалар жалға берілетін электросамокаттарды пайдалану үшін бірыңғай әрі міндетті талаптарды енгізуді көздейді. Сонымен бірге бизнес субъектілері үшін өтпелі кезең қарастырылған.**



**Жиында жол-көлік оқиғаларының алдын алу, пайдаланушылардың тәртібін бақылау, цифрлық қадағалау тетіктерін енгізу және кикшеринг операторларының жауапкершілігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Баламалы көлік түрлерінің кеңінен қолданылуы жол-көлік оқиғалары мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың көбеюімен қатар жүретіні де атап өтілді.**

**Алматы қаласы полиция департаментінің бастығы Айдын Қабдулдиновтың айтуынша, негізгі мақсат - қалалық мобильділікті шектеу емес, оны қауіпсіз әрі тиімді басқару.**

**– Электросамокаттар бүгінде жол қозғалысының толыққанды қатысушысына айналды. Сондықтан оларға қойылатын талаптар да өзге көлік құралдарына белгіленген ережелер секілді нақты әрі міндетті болуы тиіс, - деді ол.**

**Полиция деректеріне сәйкес, 2025 жылы Алматы қаласында электросамокаттардың қатысуымен 386 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 400-ден астам адам зардап шеккен. Жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін самокат пайдаланушыларына қатысты 24 мыңнан астам әкімшілік хаттама толтырылып, 10 мыңнан аса электросамокат арнайы тұрақтарға қойылған.**

**Кеңес аясында кикшеринг операторларына қойылатын талаптар да қаралды. Атап айтқанда міндетті сақтандыруды енгізу, электросамокаттарды нөмірлік белгілермен жабдықтау, геозоналау жүйесін қолдану және Ішкі істер министрлігінің дерекқорларымен интеграциялау мәселелері талқыланды.**

**– Мопедтерді реттеу тәжірибесі жүйелі әрі қатаң шаралардың тиімді екенін көрсетті. Мұндай тәсіл жол-көлік оқиғаларын азайтып, тәртіпті күшейтеді. Дәл осы әдіс электросамокаттарға да қолданылады. Бұл - азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған маңызды қадам, - деп атап өтті Айдын Қабдулдинов.**

**Кездесу қорытындысы бойынша тараптар өзара ынтымақтастықты жалғастыруға, профилактикалық жұмыстарды күшейтуге және жаңа талаптарға бизнес пен пайдаланушылардың кезең-кезеңімен бейімделуін қамтамасыз етуге уағдаласты.**

# МЕРЗІМІ ӨТКЕН ДӘРІЛІК ЗАТТАР САТЫЛҒАН



Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде тегін демалысқа арналған препараттарды коммерциялық секторда еркін сатуға өткізу, әртүрлі субъектілердің таңбалау кодтарын қайта пайдалану, сондай-ақ жарамдылық мерзімі өткен дәрілік заттарды сату фактілерін Қазақстанда 2024 жылғы шілдеде енгізілген дәрілік заттарды таңбалау жүйесі анықтады.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінде ведомство басшысы Ақмарал Әлназарованың төрағалығымен вице-министрлердің, Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті, «Фармация» СҚ басшыларының, «Қазақтелеком» АҚ тауарларды таңбалау мен қадағалаудың бірыңғай операторының қатысуымен цифрлық таңбалауды қолдану және дәрілік заттарды қадағалау мәселелері талқыланды.

Кездесу барысында бірыңғай оператор тауарларды таңбалау және қадағалау жүйесінің ақпаратын пайдалана отырып, дәрілік заттардың айналымы саласындағы деректерді мониторингілеуге және талдауға арналған талдамалық платформаны ұсынды.

Платформа мемлекеттік органдарға өндіріс пен импорттан бастап дистрибьюция мен бөлшек саудаға дейінгі айналымның барлық кезеңдерінде дәрілік заттардың әр қаптамасының қозғалысын нақты уақыт режимінде бақылауға, сондай-ақ ауытқулар мен ықтимал бұзылуларды анықтауға мүмкіндік береді.

Демонстрация шеңберінде дәрілік заттар айналымындағы анықталған сәйкессіздіктерге ерекше назар аударылды. Олардың қатарында коммерциялық секторда ТМККК шеңберінде тегін демалысқа арналған препараттарды сату, әртүрлі субъектілердің таңбалау кодтарын қайта пайдалану, сондай-ақ жарамдылық мерзімі өткен дәрілік заттарды сату фактілері бар.

Тауарларды таңбалау мен қадағалаудың бірыңғай операторының деректері бойынша жүйемен мемлекеттік бюджеттің есебінен сатып алынған және халықты тегін қамтамасыз етуге арналған 15 мыңнан астам дәрілік заттарды өткізу фактілері тіркелді.

«Бұдан басқа, жүйеде қайта пайдаланылған таңбалаудың 6,5 мыңнан астам коды - 385 мыңнан астам рет, сондай-ақ жарамдылық мерзімі өткен дәрілік препараттардың 750-ден астам қаптамасын сату фактілері тіркелген», - деп атап өтті компанияда.

Кездесу қорытындысы бойынша министр вице-министрлер мен құрылымдық бөлімшелерге, оның ішінде ГФК-ға ҚР-да дәрілік заттардың айналымын толық тәртіпке келтіру үшін өзінің күнделікті жұмысында таңбалау және қадағалау жүйесінің талдамалық платформасын пайдалануды, бюджет қаражатын тиімді жұмсау үшін препараттардың мақсатсыз пайдаланылуын қатаң бақылауды тапсырды.

# ҰЛТТЫҚ РЕСУРСТАРДАН ТҮСЕТІН ТАБЫС БОЛАШАҚ ҰРПАҚТЫ ҚОЛДАУҒА БАҒЫТТАЛАДЫ

«Ұлттық қор – балаларға» бастамасы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында жарияланды. Бастаманың негізінде ұлттық байлық әрбір азаматқа бала кезінен бастап нақты әрі тікелей пайда әкелуі қажет, ал табиғи ресурстарды пайдаланудан түсетін табыс нысаналы түрде және тең дәрежеде бөлінуі тиіс деген қағидат жатыр.

Бастаманы іске асыру 2024 жылғы 1 қаңтардан басталды. Бағдарламаға 2006 жылдан бастап туған Қазақстан Республикасы азаматтарының барлық балалары қатысады. Бағдарлама іске қосылған кезеңде 6 919 131 баланы қамтиды. 2024 жылы 304 815 қатысушы жинақталған қаражатты пайдалану құқығына ие болатын жасқа жетті. Қаражатты есептеу барлық қатысушылар үшін тең шарттар аясында жүзеге асырылады және тұрғылықты өңіріне, отбасының табыс деңгейіне немесе ата-анасының әлеуметтік мәртебесіне байланысты емес.

Қаржылық тетік Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық кірісінің 50 пайызын жыл сайын балалардың арнайы мақсатты жинақтау шотларына бағыттауды көздейді. Қаражат Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы жеке шоттарда жинақталып, пайдалануға дейін инвестицияланады.

Бағдарлама қаражатын азамат 18 жасқа толғанға дейін алу мүмкін емес. Есептеулердің көзі мұнайдан, газдан және елдің өзге де стратегиялық ресурстарынан түсетін түсімдер есебінен қалыптастырылатын инвестициялық табыс болып табылады.

2024 жылы әрбір балаға 100,52 АҚШ доллары есептелді. 2025 жылы есептелген сома 129,38 АҚШ долларын құрады.

Мақсатты жинақтарды пайдалану кәмелет жасына толғаннан кейін екі бағыт бойынша жүзеге асырылады. Қаражат тұрғын үй жағдайларын жақсартуға немесе Қазақстандағы және шетелдегі білім беру ұйымдарында оқу ақысын төлеуге бағытталуы мүмкін. Қаражатты толық көлемде де, ішінара да пайдалануға жол беріледі. Пайдаланылмаған қалдық мақсатты жинақтау шотында сақталады.

Қаражатты алу рәсімі уәкілетті операторлар арқылы жүргізіледі. Қаражат операторға аударылып, одан әрі қатаң түрде мәлімденген мақсатқа сәйкес қаражатты алушының банк шотына аударылады. Мақсатты растамай тікелей қаражат алу көзделмеген.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мақсатты жинақтарды пайдалану туралы 205 505 өтініш орындалды. Аударылған қаражаттың жалпы көлемі 31,61 млн АҚШ долларынан асты. Оның ішінде 127 445 өтініш бойынша 19,69 млн



АҚШ доллары тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, 78 060 өтініш бойынша 11,92 млн АҚШ доллары білім алу ақысын төлеуге бағытталды.

2026 жылғы қаңтар айындағы жағдай бойынша 6 918 656 қазақстандық балаға кезекті есептеу жүргізілді. Бір балаға 130,71 АҚШ доллары мөлшерінде тиесілі. Нәтижесінде бағдарламаға үшінші жыл қатарынан қатысып отырған балаға есептелген қаражаттың жалпы сомасы инвестициялық кірісті қоса алғанда 370 доллар 56 центті құрады. 2026 жылы 356 613 Қазақстан азаматы 18 жасқа толып, өз мақсатты жинақтарын пайдалану құқығына ие болады.

Есептелген қаражат туралы ақпарат ата-аналар үшін egov.kz порталы және kids.enpf.kz сайты арқылы цифрлық форматта қолжетімді. 18 жасқа толған азаматтар Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен электрондық үкіметтің сервистері арқылы өз деректеріне дербес қол жеткізе алады.

# «АСТАНА – ТАЛДЫҚОРҒАН» БАҒЫТЫНДА ЖАҢА ТЕМІРЖОЛ МАРШРУТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі «Астана – Талдықорған» бағыты бойынша жаңа теміржол қатынасының іске қосылатыны туралы хабарлайды.



Жаңа бағытты ашу Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарының бастамасымен, Көлік министрлігі және Ұлттық тасымалдаушы — «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның бірлескен жұмысы аясында, сондай-ақ азаматтардың көптеген өтініштері ескеріле отырып жүзеге асырылды.

Аталған бағытты іске қосу Жетісу облысының көлік қолжетімділігін арттыруға, жолаушылар сұранысының өсуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ елорда мен өңірлер арасында жайлы, қауіпсіз және тұрақты теміржол қатынасын қалыптастыруға бағытталған.

Бастапқы кезеңде ұлттық тасымалдаушы тарапынан екі жолаушылар вагоны бөлініп, олар №122/121 «Нұрлы жол – Семей» пойызының құрамында күн ара қатынайтын болады.

Ақтоғай станциясында аталған вагондарды №631/632 «Ақтоғай – Талдықорған» пойызына қайта тіркеу көзделген, бұл бүкіл маршрут бойымен үздіксіз әрі ыңғайлы қатынасты қамтамасыз етеді.

Көлік министрлігі бұл формат бастапқы кезең екенін атап өтеді. Тұрақты жолаушылар сұранысы қалыптасқан жағдайда вагондар саны мен қатынау жиілігі кезең-кезеңімен ұлғайтылатын болады, бұл маршрутты халықтың қажеттіліктеріне икемді түрде бейімдеуге мүмкіндік береді.

Жаңа теміржол қатынасының ашылуы:

өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық байланыстарды нығайтуға;

тұрғындардың мобильділігін арттыруға;

ішкі туризм мен іскерлік белсенділікті дамытуға;

Жетісу облысының туристік тартымдылығын арттыруға ықпал етеді.

Пойыздың қатынауы ағымдағы жылдың сәуір айына жоспарланған және Талдықорған қаласындағы жаңғыртылған теміржол вокзалының салтанатты ашылуына орайластырылатын болады. Жаңартылған вокзал инфрақұрылымы жолаушылар үшін қызмет көрсету, жайлылық және қауіпсіздік деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Мемлекет басшысының тапсырмалары мен көлік саласының стратегиялық басымдықтарына сәйкес жолаушылар тасымалының маршруттық желісін дамыту, жылжымалы құрамды жаңғырту және көлік қызметтерінің сапасын арттыру бойынша жүйелі жұмысты жалғастыруда.

# ҚАЗАҚСТАН ПӘКІСТАНҒА 600 ЭЛЕКТР АВТОБУСЫН ЖЕТКІЗЕДІ

Қазақстандық Falcon EuroBus компаниясы Пәкістанға 600 дана электр автобусын жеткізбек. Бұл туралы Исламабадта өтіп жатқан «Қазақстан-Пәкістан» бизнес форумында екі елдің бизнес тараптары келісімге келді. Автобустардың алғашқы жеткізілімі биыл сәуірде басталады. Коммерциялық келісімнің құны 108 млн АҚШ долларын құрайды. 2027-2028 жылға қарай компания Пәкістан автобус экспортын 2000 данаға жеткізуге ниетті.

2018 жылы Алматы қаласында құрылған кәсіпорын бүгінде еуропалық стандартқа сай автобустардың кең түрін шығарады. Жылына 1500 дана автобус шығаратын кәсіпорын биыл өндіріс қуатын 3000 данаға жеткізуді көздеп отыр. Өйткені қазақстандық электр автобусына көршілес Өзбекстан, Маңғолия, Пәкістанда ғана емес, еуропа елдерінен де сұраныс жоғары.

«Біз барлық циклдегі автобустарды шығарамыз. Бүгінгі «Қазақстан-Пәкістан» бизнес форумы аясында біз үшін үлкен нарықтың есігі ашылды. Қазіргі келісім бойынша жолаушылар тасымалына арналған 600 электр автобусын жеткіземіз. B2B кездесуде Пәкістанның білім министрлігінің өкілдерімен кездесіп, алдағы уақытта оқушылар тасымалына арналған 2000 дана автобус жеткізуге келісіп отырмыз», - деді Falcon EuroBus директорлар кеңесінің төрағасы Мұрат Әділханов.

Бизнес форум қорытындысы бойынша Falcon EuroBus пен транспорт саласына маманданған пәкістандық «OGCC International» компаниялары арасында коммерциялық құжатқа қол қойылмақ.

# АСТАНАДА ҚАЗАҚСТАН МАШИНА ЖАСАУШЫЛАРЫНЫҢ XIII ФОРУМЫ ӨТЕДІ

**Қазақстан машина жасаушыларының форумы – мемлекет пен бизнес арасындағы негізгі диалог алаңы. Мұнда машина жасау саласы мен өңдеу өнеркәсібін дамытудың тұжырымдамалық бағыты қалыптастырылады. Форум аясында мемлекеттік өнеркәсіптік саясат тетіктері, импортты алмастырудың ынталандыру шаралары, технологиялық жаңғырту және отандық өндірістердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелері талқыланады.**

**Форумға 1 000-нан астам қатысушының, оның ішінде 20-дан астам елден келген мемлекеттік органдардың өкілдері, бизнес-қоғамдастық, ірі тұтынушылар мен машина жасау өнімдерін өндіруші жетекші компаниялардың қатысуы күтілуде.**

**Форум аясында 2026 жылғы 1–3 сәуір аралығында «EXPO» халықаралық көрме орталығында машина жасау саласының әртүрлі бағыттарына арналған заманауи технологиялар, жабдықтар мен шешімдер ұсынылатын «KAZAKHSTAN MACHINERY FAIR 2026» халықаралық мамандандырылған көрмесі өтеді.**

**Форум бағдарламасы мен қатысушыларды тіркеу www.smkz.kz сайтында қолжетімді: https://smkz.regist.kz/event.php?id=35**

Бетті жинақтаған: Әлия ҚҰРАЛБЕК.

# «АУЫЛ АМАНАТЫ» – АУЫЛДЫ ҚОЛДАУДЫҢ ЖОБАСЫ

«AMANAT» партиясының «Ауыл аманаты» жобасы ауыл тұрғындарының табысын арттыруды көздейтін бірегей бастама екені белгілі. Мемлекет басшысының тапсырмасымен партия бастамасы мемлекеттік бағдарлама болып түзіліп, оның аясында 2,5% жылдық мөлшерлемемен 7 жылға дейін жеңілдетілген несие беру механизмі қалыптасты.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы Келес ауданында тұрақты түрде іске асырылып, ауыл шаруашылығының дамуына және тұрғындардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына нақты ықпалын тигізіп отыр. Жоба ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік белсенділігін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және халықтың табысын көбейтуге бағытталып, өз нәтижесін беруде. 2023-2025 жылдар аралығында бағдарлама шеңберінде Келес ауданында 339 жоба қаржыландырылып, нәтижесінде 750 жаңа жұмыс орны ашылды.

Ауыл тұрғындары қолға алған жобалар негізінен мал шаруашылығы мен егіншілікті дамытуға, жылыжай шаруашылығын кеңейтуге, балық және құс өсіруді жолға қоюға бағытталды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы кооперативтері қажетті техника және құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, тұрғындардың жеке кәсібін бастауына мүмкіндік жасалды. Осы кезеңде аймақта бірнеше шағын өндіріс орындары да іске қосылды.

2025 жылы жүзеге асырылған бастамалар қатарында ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту, жүзім шаруашылығын дамыту, сондай-ақ тігін бағытында шағын өндіріс орындарын ашу жұмыстары бар. Бұл жобалар жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтып, аудан экономикасының дамуына оң әсерін тигізуде.

2026 жылға өңдеу саласына басымдық беріліп, кемінде төрт кооператив құру жоспарланып отыр. Осы мақсатта Абай ауылында сүт өндіру кооперативін, ал Бірлесу ауылдық округінде құлпынай өсіру кооперативін құру бойынша қажетті құжаттар тиісті мекемелерге жолданды.

Қазіргі кезде Бірлік ауылдық округінде өндірістік парк ашу үшін арнайы жер учаскесі белгіленді. Мұнда «Бір ауыл – бір өнім» қағидаты бойынша жем-шөп дайындайтын цех салу және мал бордақылау алаңдарын бірыңғай үлгіде орналастыру көзделуде. Ал Ақтөбе ауылдық округінде балық шаруашылығын дамыту жөнінде ұсыныстар беріліп, алдағы уақытта балық өнімдерін сататын шағын сауда нүктесін ашу жоспарлануда.

Бағдарлама аясында тұрғындарға кәсіп ашу мүмкіндіктерін түсіндіру бағытындағы ақпараттық-кеңес беру жұмыстары да жүйелі түрде жүргізілуде. Қазіргі таңда ауылдық округтер бойынша жобаға қатысуға ниетті азаматтардың тізімі жасақталып, Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында біркатар жобалардың құжаттарын әзірлеу жұмыстары атқарылуда.

«Ауыл аманаты» жобасының тиімді жүзеге асырылуы ауылдық аумақтардың экономикалық белсенділігін арттырып, халықтың табысын көбейтуге және өңірдің өндірістік әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді дейді сала мамандары, Ауыл тұрғындарының табысын арттыру бастамаларының жүзеге асуы «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының және жергілікті партия құрылымының тұрақты бақылауында болады.

# ТҮЛКІБАСТА ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС АЙМАҒЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Түлкібас ауданында әлемдік стандарттарға сай экологиялық-этнографиялық демалыс аймағын құруға арналған мега жоба бойынша шетелдік инвесторлармен келіссөздер жүргізді. Ауқымды бастама биылдан бастап кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, мемлекет тарапынан жан-жақты қолдауға ие болмақ.

Жобаның негізгі тұжырымдамасы – «Орталық Азияның жүрегі, әлемге ашылған терезе». Бұл идея Түлкібас ауданын тек ішкі туризмнің емес, Орталық Азия мен халықаралық туристік нарықты байланыстыратын ірі мәдени-туристік хабқа айналдыруды көздейді.

Түлкібас – табиғи келбеті сақталған жазық даласы, көркем шатқалдары, құнарлы алқаптары мен ерекше ландшафты бар бірегей өңір. Аймақтың басты құндылығы – қазақтың көшпелі мәдениетінің табиғи болмысы бүгінгі күнге дейін үзілмей сақталуы. Киіз үй мәдениеті, атбегілік өнер, ұлттық тағамдар, дәстүрлі ат ойындары, халық әні мен күйі – осы өлкенің рухани байлығы әрі жобаның мазмұндық өзегіне айналмақ.

Мега жоба аясында Қазақстандағы алғашқы цифрлық мәдени-туризм платформасын іске қосу жоспарланып отыр. Экологиялық туризм, этномәдени тәжірибе және сауықтыру демалысы үйлескен әлемдік деңгейдегі туристік дестинация қалыптасып, Түлкібас еліміздің жаңа мәдени-туризм бренді ретінде танылады. Барлық құрылыс және инфрақұрылымдық жұмыстар халықаралық стандарттарға сай, экологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып жүргізіледі. Қызмет көрсету сапасы мен басқару жүйесі кәсіби операторлар арқылы жүзеге асырылады.

Кездесу барысында облыс әкімі Нұралхан Көшеров жобаның өңір үшін стратегиялық маңызын ерекше атап өтті.

–Түлкібас – табиғаты көркем, мәдениеті терең, даму әлеуеті жоғары өңір. Бұл жоба арқылы біз табиғатты сақтай отырып, экономиканы дамытуға, жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруға және қазақтың көшпелі мәдениетін халықаралық деңгейде танытуға мүмкіндік аламыз. Ең бастысы – жоба жаңа жұмыс орындарын ашып, өңірдің ұзақ мерзімді дамуына серпін береді, – деді өңір басшысы.

Жобаның негізгі бағыттары ауыл шаруашылығы, мәдениет, туризм және сауықтыру салаларын өзара ықпалдастыруға негізделген. Сонымен қатар жергілікті тұрғындарды оқыту, жұмыспен қамту, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы халық табысын арттыратын көпарналы экономикалық модель қалыптастыру көзделген.

Жоспарға сәйкес, жоба аумағында қонақүйлер мен этноқалашықтар, гастрономиялық нысандар, сауда-ойын-сауық кластері, гүл аңғары, шаңғы және шөптен сырғанау аймақтары, жұлдызды шатырлар (glamping), ипподром мен ұлттық ат ойындары кешендері бой көтереді. Сондай-ақ ұлттық тағамдар мен қолөнер бұйымдарын өндіретін шеберханалар мен шағын өндіріс орындары ашылады.

Мега жобаның түпкі мақсаты – Түлкібасты экологиясы сақталған, экономикасы тұрақты, мәдениеті бай және халқының өмір сүру сапасы жоғары өңірге айналдыру. Жобаны іске асыру нәтижесінде өңірде кәсіпкерлік белсенділік артып, жаңа инвестициялар тартылып, тұрғындар үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады.

# ШАРДАРАДА АРМРЕСТЛИНГТЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫНА БАСПАНА КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ




7 ақпан – «Шардара армспорт» клубының негізі қаланған айтулы күн. Осы мерейлі датаға орай Шардара қаласындағы спорт кешенінде қол күресі спортынан Шардара ауданының ашық біріншілігі салтанатты түрде бастау алды.

Салтанатты шараға аудан спортшылары, спорт ардагерлері, спорт сүйер қауым мен құрметті қонақтар қатысты. Жарыстың ашылу рәсімінде аудан әкімі, «Шардара армспорт» спорт клубының негізін қалаушы Арман Қарсыбаев қатысушыларды мерекелік күнмен құттықтап, спортшыларға сәттілік тіледі.

Өз сөзінде аудан басшысы армрестлингтің жастарды төзімділікке, табандылыққа, тәртіпке және отансүйгіштікке тәрбиелейтін маңызды спорт түрі екенін атап өтті. Сонымен қатар, Шардара армспорт мектебінің соңғы жылдары халықаралық деңгейде жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келе жатқанын ерекше айтты.

Шара барысында еліміздің көк туын әлемдік және халықаралық ареналарда желбіретіп жүрген «Шардара армспорт» клубының үздік спортшыларына айрықша құрмет көрсетілді. Жыл қорытындысы бойынша біркатар спортшыларға аудан әкімінің алғыс хаттары мен арнайы сыйлықтары табысталды.

Салтанатты жиынның ең әсерлі сәттерінің бірі – армрестлингтен жасөспірімдер арасында төрт дүркін әлем чемпионы Маманияз Жасурбекке «Шардара армспорт» клубының спортшылары атынан 5 бөлмелі тұрғын үйдің кілтін табыстау рәсімі болды. Бұл – жас спортшының ел намысын абыроймен қорғап, әлемдік деңгейде биік белестерді бағындырған еңбегіне көрсетілген үлкен құрмет пен зор сенімнің белгісі.

Айта кетейік, чемпионның анасы – көпбалалы, жалғыз басты ана, сегіз ұл-қызды тәрбиелеп отырған ардақты жан. Сондықтан бұл қуанышты сәт тек бір отбасының ғана емес, бүкіл Шардара жұртшылығының ортақ мерейіне айналды.

Аталған шара Шардара ауданында спортты дамытуға, жас буында қолдауға және чемпиондарды қадірлеуге бағытталған жүйелі жұмыстың нақты көрінісі болды.

# САРЫАҒАШТА 300 ТӨСЕК-ОРЫНДЫҚ ЗАМАНАУИ КӨПБЕЙІНДІ АУРУХАНА ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Сарыағаш қаласында 300 төсек-орындық заманауи көпбейінді аурухана құрылысының іргетасын қалау рәсіміне қатысты. Аса маңызды әлеуметтік нысан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркістан облысына жұмыс сапары барысында берген нақты тапсырмасы аясында жүзеге асырылып отыр.

Жаңа медициналық кешен облыстың денсаулық сақтау жүйесін түбегейлі жаңғыртып, тұрғындарға сапалы, қолжетімді және жоғары технологиялы медициналық қызмет көрсетуге бағытталған. Бұл жоба өңірдегі медициналық инфрақұрылымды нығайтудың және халықтың өмір сапасын арттырудың маңызды тетігі болмақ.

Аурухана тек Сарыағаш қаласының тұрғындарына ғана емес, Келес, Мақтаарал, Жетісай, Қазығұрт және Шардара аудандарының халқын да қамтиды. Аталған аумақта 1 миллионнан астам адам тұрады. Осылайша жаңа нысан оңтүстік өңірдегі медициналық көмектің жүктемесін азайтып, күрделі ем-шараларды жергілікті жерде алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар құрылыс кезеңінде және пайдалануға берілгеннен кейін жаңа жұмыс орындары ашылып, білікті медицина мамандарын тартуға жағдай жасалады.

Іргетас қалау рәсімінде сөз сөйлеген облыс әкімі Нұралхан Көшеров жобаның әлеуметтік маңызына ерекше тоқталды.

– Бүгін біз Сарыағаш қаласында аса маңызды әлеуметтік нысан – көпбейінді аурухана құрылысының басталуына куә болып отырмыз. Бұл – өңіріміздің денсаулық сақтау саласындағы жаңа белес, халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған үлкен қадам. Аталған жоба Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тікелей тапсырмасы негізінде іске асуда. Мемлекет басшысының халық денсаулығын жақсартуға бағытталған бастамалары аясында облыста жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл аурухана мыңдаған тұрғынға үміт сыйлап, жүздеген отбасының амандығын сақтауға үлес қосады. Дені сау ұрпақ – елдің басты байлығы. Сондықтан бұл нысан – жай ғана ғимарат емес, бұл – шипа мен сенім ордасы болады, – деді өңір басшысы.

# ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ КҮШЕЙТІЛУДЕ

Шымкент қаласында азаматтарды жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар 2026 жылы да жүйелі түрде жалғасын табуда. Биыл қала бойынша 31,1 мың адамды жұмыспен қамту шараларына тарту жоспарланып отыр. Оның ішінде 340 азаматқа қайтарымсыз грант беру көзделген. Бұл бастама тұрғындардың табысын арттырып, өзін-өзі жұмыспен қамтуға және шағын кәсіпті дамытуға нақты мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қолдаудың тиімділігі өткен жылдардағы нәтижелерден-ақ көрініс табуда. Атап айтқанда, 2025 жылы грант алған азаматтардың бизнес-жобалары бүгінде нақты нәтиже беріп, тұрақты табыс көзіне айналуда.

Қайтарымсыз грант беру тетігі Шымкент қаласында жұмыспен қамтуды күшейтудің, кәсіпкерлікті дамытудың және тұрғындардың өмір сапасын арттырудың маңызды құралына айналып отыр.

**Бетті дайындаған: Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**

# СОҢҒЫ 5 ЖЫЛ ІШІНДЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВТЕРІНІҢ САНЫ 1,5 ЕСЕ ӨСТІ



Қазақстанда ауыл шаруашылығы кооперациясы тұрақты дамып келеді. Үкімет ауыл шаруашылығы кооперациясына бағытталған кешенді ынталандыру шараларын жүзеге асырады. Олардың қатарында, барлық мемлекеттік қолдауға тең қолжетімділік, салықтық жеңілдіктер, ауыл шаруашылығы жерлерін бөлу кезінде қосымша ұпай беру, фермерлер мен жеке қосалқы шаруашылық өкілдерін (ЖҚШ) білім тарату орталықтары базасында оқыту бар, деп хабарлайды ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

2023 жылдан бері ауыл тұрғындарының табысын арттыру мақсатында «Ауыл аманаты» бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Бағдарлама аясында ауылдық елді мекендер мен шағын қала тұрғындарының бизнес-жобаларын 2,5% мөлшерлемемен 5 жылға дейінгі мерзімге, ал мал шаруашылығы саласында 7 жылға дейін несиелеу және лизинг беру қарастырылған. Кооперативтер үшін қаржыландыру көлемі ұлғайтылған.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау ережелері аясында субсидиялау шарттары жеңілдетілген. Мәселен, жеке шаруа қожалықтарынан кооперативтер үшін кейбір бағыттар бойынша тіркеу нөмірі мен ауыл шаруашылығы жерінің болуы талап етілмейді. Жүйелі мемлекеттік қолдаудың арқасында ауыл шаруашылығы кооперативтерінің саны 2019 жылы 2 840-тен 2024 жылы 4 465-ке дейін, яғни 1,5 есе артты.

Мемлекет басшысының АӨК-тегі кооперацияның дамыту жөніндегі тапсырмасы аясында жер ресурстары мен инфрақұрылымға қажеттілікті анықтау, агрокомпетенцияны арттыру, жобаларды сүйемелдеу және басқа да шараларды қамтитын кешенді іс-шаралар әзірленді.

2029 жылға дейін кооперацияны дамытуды ынталандыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Құжатта үздік тәжірибелерді тарату, кооперативтерді оқыту және сүйемелдеу, сондай-ақ фермерлер мен шаруа қожалықтары үшін түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізу қарастырылған.

Кооперацияның ұзақмерзімді дамуы үшін асырау және өнімдік бағыттағы кооперативтерді субсидиялау және жеңілдетілген қаржыландыру тетіктері енгізіліп жатыр. 2025 жылғы қыркүйекте «Аграрлық несиелік корпорация» желісі бойынша бордақылау алаңдарына айналымдық қаражатты толықтыруға нысаналы түріне қарай шектеусіз 5% мөлшерлемемен 12 айға дейінгі мерзімге ме жеңілдетілген бағдарлама іске қосылды.

Мал шаруашылығын кешенді дамыту жоспары аясында несиелерді кепілдендіру тетігін енгізу және несие мерзімін 15 айға дейін ұлғайту жоспарланып отыр, бұл қаржыландырудың қолжетімділігін арттырады. Сондай-ақ тіркеу нөмірін алу үшін ветеринарлық-санитарлық талаптарды жеңілдету қарастырылған, бұл қолдау бағдарламаларына қатысушылардың санын арттырады.

## МЕМСАТЫП АЛУЛАРДЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ ҮШІН ЖИ ЭЛЕМЕНТТЕРІ ЕНГІЗІЛДІ

Елімізде отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралары қабылданды. Мәселен, аумақтарда тіркелген компанияларға 2% үстемақы беру көзделген. Рейтингтік-балдық жүйе бойынша былтырдан бері құрылыс, жобалау және техникалық жобалау жұмыстары сатып алынады. Жеңімпаз 5 күнде анықталады. Конкурстық комиссия болмайды, сондықтан жеңімпаздар белгілі бір талаптарға сай іріктеледі. ҚР қаржы вице-министрі Дәурен Кеңбеилдің айтуынша, осы талаптар ішінде әлеуетті өнім берушінің төлеген салықтары, оның аумақта тіркелген туралы ақпарат, жыл сайынғы аудиттік қорытындылары бар.

«Рейтингтік-балдық жүйенің басты жаңашылдығы – оның қорытындыларына ешқандай шағымдар түспейді. Себебі, бұл – автоматтандырылған жүйе, онда ЖИ элементтері бар. Мысал келтіретін болсам, рейтингтік-балдық жүйе бойынша Астана қаласындағы №3 аурухананың күрделі жөндеу жүргізілді. Капитал көлемі – 1,8 млрд теңге. Бұл сатып алудың қорытындысы 6 күнде шақты. Тапсырыс беруші 19 ақпанда конкурсқа қатысуға өтінім берді. 24 ақпанда конкурстың қорытындылары шыққан. Атап өтетін жайт, жеңімпаз – Астана қаласында тіркелген мердігер компания», – деді вице-министр ОКҚ алаңында.

Сондай-ақ отандық тауар өндірушілерге 50% мөлшеріндегі міндетті аванс төлеу, қамтамасыз етудің барлық түрінен босату; тауарды жеткізу мерзімін 60 күнге дейін ұзарту; жеткізілген тауарға төлеу мерзімін 10 күнге дейін қысқарту сынды жеңілдіктер көзделіп отыр. Аталған шаралар отандық өнім берушілермен жасалған шарттардың өсуіне алып келді.

Құрылыс жұмыстарының сапасын арттыру мақсатында Заңмен «толық бітіріп берілетін құрылыс туралы шарт» (EPC және EPC-F) тетіктері енгізілді.

## ОТАНДЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ШАРТТЫ ЖЕР ҮЛЕСТЕРІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ШЕШІМІН ТАПТЫ

ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитетінің төрағасы Мұрат Теміржанов ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында шартты жер үлестері мәселесін шешу бағытында қол жеткізілген нақты нәтижелер туралы баяндады.

Спикердің айтуынша, 4 кәсіпорын бойынша сот процестері толық аяқталды. Оның ішінде Жамбыл облысында – 2 кәсіпорын (94 пайшы), Қызылорда облысында – 1 кәсіпорын (250 пайшы), ал Түркістан облысында 1 кәсіпорын (46 пайшы) бойынша мәселелер шешімін тапты. Қарағанды облысында 1 кәсіпорынға қатысты 35 пайшыға жерлер нақты бөлініп берілді. Қызылорда облысында бір кәсіпорынның жаңа басшысы сайланып, жұмыс барысы реттелді. Солтүстік Қазақстан облысында екі кәсіпорынның 440 пайшысына әлеуметтік көмек көрсетілді.

Сонымен қатар Түркістан облысында 1 кәсіпорынның 473 үлескеріне жер пайдалану құқығына актілер рәсімделді. Ал, Ақмола облысында 900 үлескерлердің қатысуымен үшжақты бітімгершілік келісімге қол қойылып, әлеуметтік шиеленісті төмендетуге қол жеткізілді.

«Бұл шаралар жер үлестері иелерінің құқықтарын қорғауға, әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға және ауылдық аумақтарда әділдік пен заңдылық қағидатын нығайтуға бағытталған», – деді АШМ өкілі.

